



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2019 жылдың 16 қазаны

### **KASE биржалық нарықтың 2019 жылдың III тоқсаны және 9 айына жұмыс қорытындысын ұсынады**

"Қазақстан қор биржасы" (KASE немесе Биржа) 2019 жылдың III тоқсаны және 9 айына жұмыс қорытындысын ұсынады:

- 2019 жылдың 9 айында KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 90,3 трлн теңгені құрап, 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,2 % немесе 5,9 трлн теңгеге өсті.
- Бағалы қағаздар нарығы оң динамиканы көрсетті көлемі 4,3 трлн теңгеге жетті, ол өткен жылдың көрсеткішінен 23,6 % көп.
- Листинг рәсімінен 43 эмитент өтті, сонымен қатар 24 компаниялардың бағалы қағаздары алғаш рет Биржаның ресми тізіміне енгізілді.
- Жыл басынан бері эмитенттердің жалпы саны 157-ден 176-ға артып, 19 компанияға өсті.
- 2019 жылдың басынан бері акциялар нарығын капитализациялау 0,3 % төмендеп, 15,4 трлн теңгені құрады.
- KASE Индексінің мәні 5,8 % төмендеп, 2 170,9 нүктені құрады.
- Корпоративтік облигациялар секторында алғашқы орналастыру көлемі 1,4 трлн теңге, МБҚ секторында – 1 316 млрд теңге, "ХҚҰ бағалы қағаздары" секторында – 408,5 млрд теңгені құрады.
- Саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 12,8 % өсіп, 12,2 трлн теңгені құрады.
- 2019 жылдың 01 қазанында Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атына ашылған 120 414 жеке шоттар ашылды, ол алдыңғы айға қарағанда 293 шотқа және 2019 жылдың басына қарағанда 3 590 шотқа артық.

### **НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР**

2019 жылдың үшінші тоқсанында KASE келесі жобаларды жүзеге асырып, іс-шараларды өткізді:

- Орталық контрагент ретінде валюталық нарықта өтімділік провайдерлері тартылды (қытай юаны – Алматы қаласындағы Қытай Сауда-өнеркәсіп Банкі" АҚ, ресей рублы және еуро – Еуразиялық Даму Банкі, еуро – "Kaspi Bank" АҚ.
- 2019 жылдың 30 қыркүйегінен бастап Қазақстан Республикасы индекстелмеген мемлекеттік бағалы қағаздардың (МБҚ) нарықтық бағасын анықтаудың жаңа әдістемесі қолданысқа енгізілді.
- 2019 жылдың 30 қыркүйегінен бастап АҚШ доллары/ қазақстандық теңге валюталық жұбына қатысты орындалу мерзімі алты ай және бір жылдық валюталық своп операцияларымен сауда-саттық ашылды.

- 2019 жылдың 11 қыркүйегінде Ташкент (Өзбекстан) "KASE Day in Tashkent" өтті, оның барысында екі елдің кәсіби қатысушылары арасындағы ынтымақтастық, оның ішінде биржалық нарыққа өзара қатысу мүмкіндіктері көрсетіліп, талқыланды.
- 2019 жылы Шымкент және Ақтөбе қалаларында "KASE Day in Shymkent" және "KASE Day in Aktobe" әлеуетті эмитенттері мен инвесторлармен танысу-кеңестік кездесулер жүргізілді.
- KASE "Эмитент күні" жобасы аясында 2019 жылдың 05 қыркүйегінде "KEGOC" мен 2019 жылдың 10 шілдесінде "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ АҚ басшылығы 2019 жылдың бірінші жартыжылдығы қорытындысы бойынша акционерлер, инвесторлар, нарықтың кәсіби қатысушылары және БАҚ өкілдері үшін кездесулер өткізді.
- 2019 жылдың 01 қыркүйегінен 2019 жылдың 01 қазанына дейінгі кезеңде KASE жеке инвесторлар арасында Конкурс өткізді. Биылғы жылы 454 қатысушы 137 млн. теңгеге 2 800 астам мәміле жасады.
- KASE және "БҰҰ-әйелдер" Құрылымы 2019 жылдың 19 қыркүйегінде Алматы қаласында қазақстандағы тұрақты даму саласындағы мақсаттарды жүзеге асыру және гендерлік теңдікті көтеру мәселелеріне арналған бірлескен конференц-кездесу өткізді.
- KASE "KASE Talks" жобасы аясында "Банк ЦентрКредит" АҚ Басқарма Төрағасы Ғалым Хусаиновтың қатысуымен ашық дәріс өткізді.

## АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Жыл басынан бері акциялар нарығының капитализациясы 0,3 % немесе 51,4 млрд теңгеге өсіп, 15,4 трлн теңгені құрады.

Қыркүйек айының аяғында KASE ресми тізімінде 126 эмитенттің 142 акциялары орналастырылды, олардың ішінде төрт компанияның төрт атаулы акциялары листингілік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді.

Өткен кезеңде KASE ресми тізіміне 18 жаңа эмитенттің 19 атаулы акциялары енгізілді: "North Caspian Petroleum" АҚ (Норт Каспиан Петролеум), Yandex N.V., Apple Inc., Facebook Inc., FORD, Intel Corporation, The Coca-Cola Company, Microsoft Corporation, NIKE Inc., Pfizer Inc., Starbucks Corporation, Tiffany & Co., Tesla Inc., Exxon Mobil, "ГМК "Норильский никель" БАҚ, "Лукойл" БАҚ, "Новолипецк металлургиялық комбинаты" БАҚ және "Каспий" Товарлы Биржасы" АҚ. Листингілік емес бағалы қағаздар секторына "Алтын Қалқа Халықтық компаниясы" АҚ және "Астана-Инвест" Инвестициялық Үйі" акциялары айналымға жіберілді.

Жыл басынан бері KASE ресми тізімінен сегіз атаулы акциялар шығарылды: Kaspi.kz АҚ жай акцияға айырбастауға байланысты; "Kaspi Bank" АҚ жай және артықшылықты акциялары, "АЛАТАУ-ҚҰС" АҚ және JUPITER ENERGY LIMITED жай акциялары, "Цесна" Корпорациясы" АҚ артықшылықты акциялары және "ҚазМұнайГаз" Барлау өндіру" АҚ эмитент бастамасы бойынша, "Scipio" АҚ жай акциялары жыл сайынғы листингілік алым бойынша KASE алдындағы қарызы болуы себебінен. Листингілік емес бағалы қағаздар секторынан "GLOTUR DS MULTIMEDIA" АҚ жай акциялары 90 күнтізбелік күн ішінде мәміле болмауына байланысты тізімнен шығарылды.

Өткен айында акциялармен сауда-саттық көлемі 2019 жылдың 9 айында қарағанда 118,1 млрд. теңгені құрады және 2018 жылға қарағанда 75,2 % немесе 357,6 млрд. теңгеге төмендеді. Бұлайша төмендеуі 2019 жылы тұрақты емес сипаттағы көп мәмілелер санын жасауға байланысты, оның ішінде Kaspi.kz АҚ және "ҚазМұнайГаз" Барлау өндіру" АҚ жай акцияларын кері сатып алу мәмілелері санына байланысты орын алды.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 645,4 млн теңгені құрады. Мәмілелердің орташа күндік саны – 429. Бір мәміленің орташа көлемі – 1,5 млн теңге.

Алғашқы нарық көлемі 5,2 млн теңгеге бағаланады: Ferro-Alloy Resources Limited жай акцияларын орналастыру 2019 жылдың бірінші тоқсанында болды.

Қайталама акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 75,1 % төмендеп, 118,1 млрд. теңгені құрады. Олардың 70,5 млрд теңгесі үшінші тоқсанда жасалған мәмілеге келеді.

Қайталама нарықта инвесторлардың негізгі санаттары бойынша еі белсенділері акциялар саудасының брутто айналымынан шоттарына 50,9 % келетін жеке тұлғалар болып қалады. Екінші деңгейдегі банктердің қатысуы (ЕДБ) 0,6 %, брокер-дилерлердің қатысуы үлесі 25,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың шоттарына 5,3 % тиесілі, өзге заңды тұлғалардың үлесі 17,6 %. Резидент еместердің қатысуы 21,3 % болды.

### KASE Индексі

KASE Индексі жыл басынан бері 5,8 % немесе 134,04 нүктеден 2 170,90 нүктеге дейін төмендеумен аяқтады.

### KASE өкілетті тізіміне енгізілген акциялар бағаларының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Баға өзгеруі		
		01.01.2019	01.10.2019	жыл басынан бері
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	100,41	121,50	+21,00%
АО "Кселл"	KCEL	1 850,00	2 170,00	+17,30%
АО "KEGOC"	KEGC	1 600,64	1 606,12	+0,34%
АО "Банк ЦентрКредит"	CCBN	234,21	229,99	-1,80%
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 530,00	2 034,97	-19,57%
АО "КазТрансОйл"	KZTO	1 342,00	994,00	-25,93%
АО "Казхателеком"	KZTK	33 499,00	23 173,00	-30,82%

2019 жылдың үш тоқсанындағы қорытындысы бойынша "Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ жай акциялары алдыңғы қатардан орын алды. Эмитент банктік қызмет көрсету нарығында "Казкоммерцбанк" АҚ сатып алған соң жоғары тұрақты рентабельділік пен капиталдың жоғары деңгейіне өтімділіктің үлкен көлемімен алдыңғы қатардан орын алды.

"Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ 2019 жылдың қаңтар-шілде айларында 164,2 млрд теңге көлемінде МСФО бойынша шоғырландырылған таза табысын алды, ол 2018 жылдың қаңтар-маусым айларына қарағанда 1,9 есе көп. Банктің қолайлы операциялық қызметіне толықтыру ретінде инвесторлық қоғам дивидендтік саясатты жаңартуға оң көзқарас білдірді. Маусым айының соңында "Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ Директорлар кеңесі банктің дивидендтік саясатына өзгертулер мен толықтыруларды бекітті, оған сәйкес есептік жылы шоғырландырылған таза табысының кем дегенде 50 % және 100 % дивиденд төлеуге жіберіледі (бұрын 15-тен 50 %-ге дейін).

2019 жылдың мамыр айының ортасында S&P Global Ratings халықаралық рейтингілік агенттігі банктің ұзақ мерзімді несие рейтингін "BB" деңгейінде және қысқа мерзімді рейтингін "B" деңгейінде растады, болжам "Тұрақты". Сонымен қатар, банктің рейтингі ұлттық шкаламен "kzA+" деңгейінде расталды.

"Кселл" АҚ акцияларының бағасы ағымдағы жылы 17,3 % қосты. Компания акцияларын алға қозғайтын негізгі позитивті факторлар арасында, нарықтағы стратегиялық жағдайды күшейту есебінен компания кірісінің өсуі әлеуетін атап өтуге болады. Компанияның "Қазақтелеком" АҚ құрылымына кіруі қызмет сапасына ерекше көңіл бөлетін тұрақты бәсекелестік ортасын қамтамасыз етеді.

"KEGOC" АҚ компаниясының акциялары өткен жылдың басынан бергі кезеңде айтарлықтай өзгерген жоқ. "KEGOC" АҚ 2019 жылдың қаңтар-маусым айларында МСФО бойынша 22,574 млрд теңге көлемінде таза табысқа ие болды. Ол 2018 жылдың қаңтар-маусымына қарағанда 13,7 % аз екендігі компанияның аудиттелмеген шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетіледі. Ағымдағы жылы компания 2019 жылдың I жартыжылдығында дивиденд төлеуге 77,3 % таза табысын немесе 17,4 млрд теңгені жіберуді көздеп отыр, ол өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда аз (20,1 млрд теңге).

Ағымдағы жылы үш акциялар бойынша баға құлдырағанын байқаймыз – KAZ Minerals PLC (-19,6 %), "КазТрансОйл" АҚ (-25,9 %), "Қазақтелеком" АҚ (-30,8 %). Тамыз айында KAZ Minerals PLC (Қазақстандағы ірі мыс өндірушілердің бірі, сондай-ақ қосымша өнім ретінде мыс, алтын және күміс өндіреді) 2019 жылдың I жартыжылдығында қаржы нәтижелерін жариялады, оған

сәйкес компания жоғары өндірістік және қаржылық нәтижелерге қол жеткізді, мыс өндірісі 6% өсіп, таза қаржы құнын төменгі деңгейде сақтады.

"Қазақтелеком" АҚ жай акцияларының баға белгілеулері бірқатар маңызды корпоративтік жаңалықтардың болуына байланысты жоғары ауытқушылыққа тап болды. Инвесторлар компанияның ағымдық жағдайын капиталдық шығындарды ескере отырып, түрліше бағалайды, облигациялар түрінде акциялармен сауда-саттық көлемі өсуі және қосымша сырттай қаржы тарту. Компания облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты мобильдік бизнесті дамытуға жіберуді жоспарлап отыр. Сонынмен қатар, 28 маусымда Fitch Ratings агенттігі "Қазақтелеком" АҚ және "Кселл" АҚ рейтингін "Позитивті" деңгейге дейін көтерді, әрбір компания бойынша ұзақ мерзімді дефолт рейтингін "BB+" және "BB" деңгейінде растады. Агенттікте "Қазақтелеком" АҚ рейтингтері компанияның басымды нарықтық позициясымен, еркін тұрақты ақша ағымын генерациялаумен, бірқалыпты леверидж және жағымды реттеу ортасын қалыптасуға байланысты берілді.

### **КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР**

2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша айналымдағы корпоративтік борыш көлемі 12,8 % немесе 1,4 млрд. теңгеге өсіп, 12,2 млрд. теңгені құрады.

2019 жылдың 01 қазанында KASE ресми тізімінде 67 эмитенттің 258 атаудағы облигациялары шығарылымы болды. Есептік кезеңде ресми тізіміне 19 эмитенттің 33 шығарылым облигациялары енгізілді, олардың ішінде листинг рәсімінен үшінші тоқсанда 14 эмитенттің 20 шығарылымы өтті.

Корпоративтік облигациялардың кірістілігі индексі мәні KASE\_BMY жыл басынан бері 51 базистік нүктеге төмендеп, жылдық 10,63 % құрады.

Қазақстан қор биржасында корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 2018 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 59,9 % немесе 801,5 млрд. теңгеге артты. Корпоративтік облигациялардың көлемі артуы алғашқы нақыта да қайталама нарықта да байқалады.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 11,7 млрд теңге, орташа күндік саны – 11, бір мәміленің орташа көлемі – 1 млрд теңге.

Барлығы KASE 22 эмитенттің 30 шығарылым облигациялары орналастырылды. Жиынтық тарту көлемі 1 395,5 млрд. теңге және 34,9 % өсіп, немесе 361,2 млрд. теңгеге артты. Олардың ішінде үшінші тоқсанда 458,5 млрд теңге тартылды.

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығында ЕДБ үлесі 19,6 % құрады. брокер-дилерлер – 0,8 %, өзге институционалдық инвесторлар – 75,1 %, өзге заңды тұлғалар – 4,4 %, жеке тұлғалар – кем дегенде 0,1 %. Резидент еместер үлесі – 16,6 % құрады.

Есептік кезеңде облигациялардың қайталама нарығында сауда-саттық көлемі 744,2 % немесе 2,4 есеге немесе 440,3 млрд теңгеге өсті. Қайталама нарықтағы 80 % астам көлемі сауда-саттық сессиясы аясында үш эмитент облигацияларын орналастыру бойынша мәмілелерге келді.

Инвесторлардың корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы ЕДБ қатысу үлесі 37,9 %, брокер-дилерлер – 1,7 %, өзге институционалдық инвесторлар – 27,2 %, өзге заңды тұлғалар – 32,2 %. Аталмыш сегменттегі заңды тұлғалардың үлесі – 0,9 %. Резидент еместер үлесі – 1,5 % бағаланады.

### **МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ) НАРЫҒЫ**

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналды жыл басынан бері 1,1 млрд. теңгеге немесе 9,7 % артып, 9,7 трлн теңгені құрады.

18 қыркүйектен бастап KASE ресми тізімінің МБҚ секторына Түрік Республикасының халықаралық облигациялары және Ресей Федерациясының халықаралық облигациялары енгізілді. Аталмыш облигациялардың шығарылым бастамашысы "Фридом Финанс" АҚ болып табылады.

KASE МБҚ сауда-саттықтарының көлемі 1,6 млрд. теңгені құрады, 2018 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 22,3 % немесе 296,8 млрд. теңгеге өсті.

Орташа күндік сауда-саттық көлемі 8,9 млрд теңгені құрады орташа күндік мәміле саны – 3, бір мәміленің орташа көлемі – 2,6 млрд теңге.

Бастапқы нарықтағы МБҚ мәміле көлемі 78,2 % өсті, қайталама нарықтағы белсенділігі 47,5 % төмендеді.

2019 жылдың тоғыз айында орналастыру көлемі 1,3 трлн теңгені құрады, олардың 87,8 млрд. теңгесі жылдық 0,35 % 12 облыстың әкімдері тартты, Алматы қ., Нұр-Сұлтан қ. және Шымкент қ.; Қаржы министрлігі 1 228,3 млрд. теңге тартты жылдық 8,46–9,75 %, облигациялардың өтеу мерзімі 1,8 жылдан 19,8 жылға дейін.

Үшінші тоқсанда орналастыру көлемі 426,8 млрд теңге тартты, олардың 414,8 млрд теңгесін Қаржы министрлігі жылдық 8,46–9,75 % тартты, және 12 млрд теңге – Акиматы 6 облыс әкімдіктері, Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қаласы әкімдіктері.

Инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ алғашқы нарығы үлесіне 0,6 % келді, өзге институционалдық инвесторларға – 92,2 %, заңды тұлғалардың үлесі 7,2 %.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 310,1 млрд. теңгені құрады, 47,5 % төмендеп немесе 280,8 млрд. теңгені құрады. Ұлттық Банк ноттарымен сауда-саттық үлесі бұрынғыдай жалпы сауда-саттық көлемінен – 95,7 % жоғары деңгейде қалады.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санатында ЕДБ үлесі 39,6 %, брокер-дилерлердің үлесі – 2,8 %, өзге институционалдық инвесторлар – 34 %, өзге заңды тұлғалар – 23,3 %, жеке тұлғалар – 0,3 %. Резидент еместердің қатысуы - 0,1 %.

### **ХҚҰ облигациялары**

Есептік айда KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының 26 шығарылымы болды, соның ішінде: Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) және Азия даму банкі.

2019 жылдың басынан бері KASE ресми тізіміне бес эмитенттің 14 шығарылым облигациялары енгізілді.

Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 414,3 млрд. теңгені құрады, ол 2018 жылдың сәйке кезеңінің нәтижесіне қарағанда 6,8 есе немесе 353,7 млрд. теңгеге артық.

Бастапқы нарықта сауда-саттық көлемі 408,5 млрд. теңгені құрады. Олардың ішінде үшінші тоқсанда 75,4 млрд теңге тартылды:

- Азия даму банкі маржасы тоқсандық купонға 0,375 %-бен бес жылдық облигациялар шығарылымын орналастыра отырып, 15,4 млрд. теңге тартты.
- Еуропалық қайта құру және даму банкі сегіз жылдық облигацияларын жартыжылдық купонға жылдық 0,5 % маржамен жазылым арқылы 60 млрд. теңге тартты.

Инвесторлар құрамында алғашқы нарықта институционалдық инвесторларға – 4,5 %, брокер-дилерлерге – 0,1 %, өзге институционалдық инвесторларға – 93,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 2,1 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,1 % аз емес.

Қайталама нарығында сауда-саттық көлемі 5.8 млрд теңгені құрады.

Осы секторда қайталама нарықта инвесторлардың негізі көлемінде 1,1 %, брокер-дилерлер – 3,7 %, өзге институционалдық инвесторлар – 48,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 46,3 %.

### **Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары**

2019 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар" секторында алты компанияның басқаруындағы жеті қаржы құралы болды.

Сауда-саттық көлемі өткен кезеңде 563 млн теңгені құрады. Ол 2018 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 99 % немесе 280 млн теңгені құрайды.

Негізгі инвесторлар құрамында 32,5 % жеке тұлғаларға, 9,9 % – брокер-дилерлердің үлесіне, 2,6 % – өзге институционалдық инвесторларға және 55,1 % өзге заңды тұлғаларға келді.

### **БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ**

2019 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарииде жеке тұлғалар ашқан 120 414 жеке шот бар, ол 2019 жылдың басымен салыстырғанда 3 590 артық.

## ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Шет ел валюталарының нарығында сауда-саттық көлемі 8,5 млрд теңгеге жетті, ол өткен жылдың көрсеткішіне қарағанда 18,7 % немесе 1,9 млрд теңгеге аз. Орташа сараланған сауда-саттық көлемі 46,3 млрд теңге, орташа күндік мәміле көлемі – 333, бір мәміленің орташа көлемі – 139 млн теңге.

Әрбір жылдағы рекеше факторларға қарамастан, 2016-2018 жылдары доллар / теңге жұбы баға белгілеу динамикасында маусымдық сипат орын алды. Теңге бірінші жартыжылдықта – жаңа жылдық мейрамнан кейін долларға қарағанда айтарлықтай нығайған болса, жаздық демалыс кезеңі алдында керісінше әлсірей бастады. Алайда ағымдағы жылы бағамның ауытқушылығы айтарлықтай болған жоқ. Сұраным бағамы арасындағы спред және биржалық нарықтағы АҚШ долларына теңгенің ұсынымы сәуір айынан бастап 2019 жылдың бірінші тоқсанында 0–0,4 теңге аралығында шоғырландырылды.

Келесі кестеде KASE саудаланатын валюталық жұбының негізгі сипаттамасы келтірілген (жақшаның ішінде өткен жылдың сәйкес кезеңінде көрсеткішінің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шет елдік валютаның теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналдық өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдары, валюта бірлігіне KZT	жылдың соңындағы бағамы (% өзг.)
USD/KZT	22 067,0 (-28,0 %)	99,3 % (+0,17 %)	59 496 (+1 099)	373,56 – 388,33	387,99 (+1,0 %)
RUB/KZT	4 530,2 (-48,0 %)	0,3 % (-0,14 %)	719 (-465)	5,6029 – 6,1153	6,0006 (+8,4 %)
CNY/KZT	258,8 (+63,4 %)	0,2 % (+0,09 %)	554 (+162)	53,9869 – 56,6900	54,4555 (-1,5 %)
EUR/KZT	46,2 (-1,2 %)	0,2 % (+0,05 %)	215 (+54)	421,60 – 438,10	424,87 (-0,4 %)

## АҚША НАРЫҒЫ

Қыркүйек айының соңында TONIA индикаторы 49 б.н. төмендеп, жылдық 8,76 % құрады, сонымен қатар TWINA индикаторның мәні (мерзімі жеті жұмыс күндік репо ашылу мәмілелерінің орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 118 б.н. төмендеп, жылдық 9,46 % төмендеп құрағанын көрсетті.

Қыркүйек айының соңында бір күндік долларлық своп кірістілігі бір айда 149 б.н. артып, SWAP-1D (USD) жылдық 8,92 % құрады. Екі күндік своп кірістілігі SWAP-2D (USD) 175 б.н. өсіп, жылдық 9,13 % құрады.

KazPrime-3M (KZT) индикаторы өзінің қозғалысын Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесінің жоғары шегінде жалғастырып, индикаторы жылдық 10,25 % құрады.

Бір жұмыс күнге ашылған, USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша мәміленің көлемі арқылы орташа сараланған кірістіліктің мәнін көрсететін, ақша нарығының композиттік индикаторы MM\_Index қыркүйек айының соңында жылдық 8,79 % құрап, 53 б.н. өсті.

## Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 53,8 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 5,5 % немесе 3,1 трлн теңгеге жоғары. Операциялардың орташа күндік көлемі 294 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 378, бір мәміленің орташа көлемі – 777,1 млн теңге.

Репо ашылу операциялары сауда-саттықтарының жалпы көлемінен 97,7 % МБҚ себетімен авторепо мәмілелерінің үлесінде болды. МБҚ себетімен авторепо нарығындағы ең танымал

қаржы құралы бір күндік репо операциялары болып қалды, олармен жасалған мәмілелердің МБҚ себетімен авторепонарығының жалпы көлеміндегі үлесі 90 % құрады.

### **Валюталық своп операциялары**

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 6,8 % азайып, 23,8 трлн теңгені құрады. Операциялардың орташа күндік көлемі 129,8 млрд теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 45, бір мәміленің орташа көлемі – 2,9 млрд теңге болды. Сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі құралдық құрылымы 79,9 % (19,0 трлн теңге немесе 49,9 млрд USD) екі күндік валюталық своп (USDKZT\_0\_002) мәмілелерінің үлесінде болды.

Сауда-саттық ашылғаннан бастап, "ұзақ" валюталық своппен 49 мәміле жасалды апталық своппен сомасы 529 млн АҚШ долларымен (203,3 млрд теңге) жылдық кірістілік ауқымы жылдық 6,6–9,7 %, бір айға своптары 28 мәміле 264 млн АҚШ долларын құрады (101,4 млрд теңге) жылдық 7–8,5 %.

### **ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ**

Осы кезде биржалық нарықтың осы секторында, базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың кейбір атаулары болып табылатын, фьючерстер саудалауға қолжетімді. Тамыз айында апталық фьючерстермен көлемі 387,6 млн теңгеге бір мәміле жасалды. Фьючерстің ең соңғы есептік бағасы бір АҚШ долларына 387,21 теңгені құрады. Мамырдың басына қарай деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашылған жайғасымдары болған жоқ.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.